

ISSN 1811-1815

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ



С. ТҰРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ
ПАВЛОДАР ЖЕМАЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ

ГУМАНИТАРЛЫҚ СЕРИЯ



3-4'2011

ПМУ ХАБАРШЫСЫ ВЕСТНИК ПГУ

13

серия ГУМАНИТАРНАЯ.2011. №3-4

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ғылыми журналы
Научный журнал Павлодарского государственного университета имени С. Торайғырова

1997 жылы құрылған
Основан в 1997 г.



С Торайғыров
атындағы ПМУ-дің
академик С.Бейсембаев
атындағы ғылыми
КІТАПХАНАСЫ

ПМУ
ХАБАРШЫСЫ
ВЕСТНИК ПГУ
ГУМАНИТАРНАЯ СЕРИЯ

3-4²⁰¹¹

Теруге 09.12.2011 ж. жіберілді. Басуға 12.12.2011 ж. кол қойылды.
Форматы 70x100 1/16. Кітап-журнал қағазы.
Көлемі шартты 6,10 б.т. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген М.А. Абжанова
Корректорлар: Б.Б. Әубәкірова, В.В. Нагаева, А.Р. Омарова
Тапсырыс №1044

Сдано в набор 09.12.2011г. Подписано в печать 12.12.2011 г.
Формат 70x100 1/16. Бумага книжно-журнальная.
Объем 6,10 ч.-изд. л Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка М.А. Абжанова
Корректоры: Б.Б. Аубакирова, В.В. Нагаева, А.Р. Омарова
Заказ №1044

«КЕРЕКУ» баспасы
С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
67-36-69
E-mail: publish@psu.kz
kereky@mail.ru

ӘОЖ 633.2.033

У.Х. АЛЬМИШЕВ, Д.А. НУРГАЛИЕВА
АҚТОҒАЙ АУДАНЫНЫҢ СОҒҒЫ ЖЫЛДАРДАҒЫ
ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫНЫҢ
АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ ҮРДІСІНЕ КЕЛТІРЕТІН ӘСЕРІ

Еліміз тәуелсіздік алғалы 20 жыл өтті. Бұл жылдар босқа өтпегенін мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы артта қалмағанынан аңғаруға болады. Қарасаңыз, жиырма жыл деген көп те емес секілді, дегенмен, еліміз алға басып келеді. Бірақ аз кемшіліктердің бірі – ол еліміздің демографиялық жағдайы болып табылады. Халқымыздың саны баяу өседі, тіпті бір орында тұрғандай. Әсіресе, ауылдық жерлерден қалаға көшіп-қону салдарынан ауылдағы адам саны құрдымға қалғалы тұр. Бір Ақтоғай ауданын алсақ, мұндағы халық саны 1996 жылы 24,4 мың адам болса, ал 2010 жыл бұл көрсеткіш 16,6 мыңға дейін кеміген.

Ақтоғай ауданы 1938 жылғы 14 ақпанында құрылған. Әкімшілік орталық – Ақтоғай ауылы, облыс орталығына дейінгі аралық 116 километр. Аудан Павлодар облысының солтүстік-батыс жағында, Ертіс өзенінің сол жақ жағалауында орналасқан. Жерінің аумағы 9,8 мың шаршы километрді құрайды. 2010 жылдың басына аудан халқының саны 16,6 мың адамға жетті, халықтың тығыздығы – аумақтың 1 шаршы километріне шаққанда 1,7 адамнан келеді [1].

Аудан аумағында халық санының жылдан-жылға азаюы оның орналасу тығыздығына тікелей әсерін тигізеді, сондықтан бұл көрсеткіш 1996 ж. 1 км² жерге 2,5 адамнан келсе, 2010 ж. 1,7 адамға дейін азайғанын байкатады (кесте 1) [2].

1 кесте

Ақтоғай ауданының аумақ көлемі, халықтың тығыздығы мен саны

Жыл	Аумақ, мың км ²	Халық саны, мың адам			Тығыздығы, 1 км ² -ге
		барлығы	ерлер	әйелдер	
1996	9,8	24,4	11,3	13,1	2,5
1997	9,8	23,4	11,7	11,7	2,4
1998	9,8	22,6	10,4	12,2	2,3
1999	9,8	21,1	10,4	10,7	2,2
2000	9,8	20,7	10,2	10,5	2,1
2001	9,8	20,2	10,0	10,2	2,1
2002	9,8	19,8	9,8	10,0	2,0
2003	9,8	19,4	9,6	9,8	2,0

2004	9,8	18,9	9,3	9,6	1,9
2005	9,8	18,4	9,0	9,4	1,9
2006	9,8	18,0	9,0	9,0	1,8
2007	9,8	17,7	8,7	9,0	1,8
2008	9,8	17,4	8,5	8,9	1,8
2009	9,8	17,1	8,5	8,6	1,8
2010	9,8	16,6	8,2	8,4	1,7

Ақтоғай ауданы құрамына бүгінгі таңда 13 селолық округ кіреді. Аудан солтүстікте - Ертіс ауданымен, оңтүстікте - Ақсу, Екібастұз қалаларына қарасатын елді-мекенімен, батыста - Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарымен, шығыста - Ертіс өзені арқылы Қашыр, Павлодар аудандарымен шектеседі.

2005-2009 жылдарындағы Ақтоғай ауданының жеке елді-мекендеріндегі халық саны, оның ішінде туғаны, өлгені, некелер мен ажырасулар және халық миграциясы көрсетілген (кесте 2) [3].

2 кесте

2005-2009 жж. әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштері

Елді-мекендері	Туғандар саны		Өлгендер саны		Некелер саны		Ажырасулар саны		Келгендер саны		Кеткендер саны	
	2005	2009	2005	2009	2005	2009	2005	2009	2005	2009	2005	2009
Ақтоғай с.а	64	82	55	54	29	86	12	12	96	74	231	203
Әуелбек с.а	18	17	10	11	9	—	1	1	11	6	81	41
Барлыбай с.а	6	3	5	2	—	—	—	—	4	2	15	18
Жалаулы с.а	12	26	9	8	3	1	1	1	1	1	36	28
Жолболды с.а	18	12	9	7	8	—	1	2	4	1	57	45
Қараоба с.а	19	7	16	16	7	—	2	1	7	7	68	57
Басқамыс с.а	3	5	1	2	—	—	—	—	—	—	22	27
Қожамжар с.а	35	33	14	18	23	—	2	2	8	9	80	69
Мүткенов с.а	24	29	17	25	15	—	1	2	46	13	100	85
Приречный с.а	22	18	14	32	17	—	1	1	11	14	23	35
Разумов с.а	2	3	2	—	5	—	—	—	20	12	23	27
Харьков с.а	13	7	6	5	6	—	—	—	27	11	8	14
Шолақсор с.а	9	11	3	5	6	—	—	1	21	2	3	23

Ақтоғай ауданында негізінен, казактар, орыстар, украиндер, немістер, болгарлар, татарлар, шешендер, т.б. ұлт өкілдері тұрады. Аудан жерінен Павлодар-Ертіс, Ақтоғай-Екібастұз автокөлік жолдары өтеді. Ауданның қыр өңірінде орналасқан Шолақсор, Жалаулы, Жолболды, Барлыбай, Разумовка, Харьков елді-мекендері де автокөлік жолдарымен байланысқан [4].

2005-2010 жылдарындағы Ақтоғай ауданының елді-мекендеріндегі жынысы бойынша демографиялық көрсеткіштері келесі кестеден көруге болады. Мысалы, Басқамыс ауылында 2005 жылы халық саны 536 адам болса, ол көрсеткіш кеміген жобамең 296 адамға азайған [5].

3 кесте

Ақтоғай ауданының елді-мекендеріндегі 2005-2010 жж. жынысы бойынша демографиялық көрсеткіштері

	Халық саны		сонын ішінде			
			еркектер		әйелдер	
	2005 ж.	2010 ж.	2005 ж.	2010 ж.	2005 ж.	2010 ж.
Ақтоғай с.о.	4 065	4 084	1 995	2 009	2 070	2 075
Әуелбек с.о.	1 209	1 089	531	541	678	548
Барлыбай с.о.	370	368	171	174	199	194
Жалаулы с.о.	1 240	1 212	613	592	627	620
Жолболды с.о.	1 437	1 135	685	567	752	568
Қараоба с.о.	1 362	1 269	702	634	660	635
Басқамыс с.о.	536	296	265	147	271	149
Қожамжар с.о.	1 896	1 670	938	830	958	840
Мүткенов с.о.	2 581	2 266	1 294	1 130	1 287	1 136
Приречный с.о.	1 324	1 163	653	580	671	583
Разумов с.о.	870	782	425	390	445	392
Харьков с.о.	816	643	390	321	426	322
Шолақор с.о.	716	642	344	319	372	323

Ауданның елді-мекендері бойынша жалпы мәліметтері, оның ішінде жер көлемі, халық саны, сонымен қатар елді-мекеннен аудан. облыс және теміржолға дейінгі қашықтығы туралы мәліметтер келесі кесте 4 көрсетілген.

4 кесте

Аудан аумағындағы округтер құрылымы

Селолық округтер	Аумағы, га	Халық саны, адам	Округ орталығынан қашықтығы, км		
			Ауданға дейін	Облыс орталығынан	Теміржол станциясына
Ақтоғай с.о.	6198	4 084	-	102	102
Әуелбек с.о.	68294	1 089	56	64	64
Барлыбай с.о.	74010	368	78	198	188
Жалаулы с.о.	118620	1 212	103	223	223
Жолболды с.о.	121492	1 135	83	200	130
Қараоба с.о.	55726	1 269	55	70	55
Басқамыс с.о.	91673	296	80	200	100
Қожамжар с.о.	66247	1 670	9	122	102
Мүткенов с.о.	64654	2 266	18	102	70

Приречный с.о.	78198	1 163	6	120	-
Разумов с.о.	88791	782	67	187	140
Харьков с.о.	41432	643	20	120	110
Шолаксор с.о.	102470	642	182	320	320

Аудан бойынша жер көлемі бойынша ірі елді-мекен Жолболды с.о болып табылады, одан кейінгі Жалаулы ауылы, үшінші орын Шолаксор ауылының еншісінде. 2010 жылғы статистикалық көрсеткіштерге сәйкес халық саны бойынша бірінші орында 4084 халқы бар Ақтоғай ауылы, одан кейін 2266 халқымен Мүткенов ауылы, кейінгісі Қожамжар ауылы болып табылады, мұндағы халық саны 1670 адамды құрайды [5].

Топырақтың облыстық аудандастырылуы бойынша Ақтоғай ауданы екінші аймаққа жатады – кара-қоңыр топырақтар. Жалпы аудан қуаңшылық аймаққа жатады, гидротермиялық коэффициент (ГТК) – 0,8 – 0,5.

Соңғы деректерге сүйенетін болсақ, Ақтоғай ауданының 2319 га зерттелген топырақтарының 17,7 % көлемінде оңай ерітілетін азотпен қамтамасыз етілген, орта көрсеткіш – 30,2 % және жоғарғы көрсеткіш – 52,1 % көрсетіп отыр. Ал фосфордың төменгі көрсеткіші 100 % дерлік топырақтарда, калий керісінше, 100 % топырақ қабатында жоғарғы көрсеткіштерге ие [6].

Мал азық дақылдарын өндіру аудан бойынша нашар дамып келе жатқан салалардың бірі. Осы себепті жекелеген жылдары аудан аумағында жем-шөптің жетіспеушілігі байқалады. Оның негізгі себебі көпжылдық астық дақылды шөптердің (әсіресе еркекшөп) тым ескіріп (15-20 жылдан артық) кетуі болып отыр. Олардың көлемі өкінішке орай әлі де төмендеген жоқ (95-97 %). Жылдағы табиғи және ертеректе себілген көпжылдық екпе астықтұқымдастар өнімі 2-3 ц/га аспайды.

Өзінен-өзі белгілі ауыл халқы өзінің күн-көрісін сақтау үшін төрт түлік малды ұстауға тырысады. Ол малдардың басын қажетті мөлшерде сақтау үшін шүйгін жайылым мен шабындық қажет, таза судың да рөлі өте зор.

Жоғарыдағы келтірілген соңғы 15 жылдағы ауданның демографиялық жағдайының әлі де тұрақталмауының негізгі себептерінің бірі – ол әрине әлеуметтік саланың нашар дамуы, әсіресе жұмыстың жоқтығы болып отыр. Осы негізгі мәселеге байланысты ауданнан алшақ орналасқан ауылдардың (мектеп, бала-бақша т.б.) аудан, қалаға қарай көптеп жөнкіліп көшуіне келіп отыр. Бұндай көшу әрине аудандағы егіншілік көлемінің, мал басы санының азаюына әкелуде. Осындай үрдістерді тежеу үшін әрине көптеген жаңа жұмыс орындарын ашып, ауылшаруашылығында көптеген фермерлік шаруашылықтар ашу үшін барлық жағдайды жасау қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Мундуинов Е. Ақтоғай – алтын бесік. – Павлодар: ЭКО, 2008. – 496 б.

2 Павлодар облысы цифрларда 1991-2008 жж. / Статистикалық жинақ / Редакциясын басқарған Д. Ш. Сұлтанова. – Павлодар облысының Статистика департаменті, 2009. – 254 б.

3 Павлодар облысының демографиялық жылнамасы / Статистикалық жинақ / Редакциясын басқарған Д. Ш. Сұлтанова. – Павлодар, 2009. – 122 б.

4 Бижан Ж., Мағзұмов С. Ардақты елім – Ақтоғай. – Павлодар: Дом печати, 2003. – 262 б.

3 Павлодар 1991-2006 жж. Қазақстан Республикасының статистика агенттігі, Павлодар облысының статистика басқармасы, 2006. – 254 б.

5 Павлодар облысының өңірлері 2009 жылы / Статистикалық жинақ / 2010. Редакцияны басқарған Д.Ш. Султанова.

6 Особенности земледелия и агротехнологии полевых культур в Ақтоғайском районе Павлодарской области. - Павлодар, 2011.

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті. Материал 15.12.2011ж. редакцияға түсті.

У.Х. АЛЬМИШЕВ, Д.А. НУРГАЛИЕВА

ВЛИЯНИЕ ДЕМОГРАФИЧЕСКОГО ПОЛОЖЕНИЯ НА ПРОЦЕСС СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА ЗА ПОСЛЕДНИЕ ГОДЫ В АҚТОГАЙСКОМ РАЙОНЕ

U.H. ALMISHEV, D.A. NURGALIEVA

INFLUENCE OF THE DEMOGRAPHIC SITUATION ON THE DEVELOPMENT OF AGRICULTURE IN THE AKTOGAY REGION OVER THE LAST YEARS

Резюме

В статье анализируется влияние демографического положения на развитие сельского хозяйства в Ақтоғайском районе за последние 15 лет.

Resume

The article analyses the influence of the demographic situation on the development of agriculture in the Aktogay region over the last 15 years.